II.Балаларды қабылдау мен босатудың тәртібі.

1.Балаларды мектепке қабылдау тәртібі 2012 ж. 19.01. ҚР Үкіметімен бекітілген «Жалпы орта білім беретін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта
білім беру ұйымдарына білім алуға қабылдау бойынша типтік ережелері туралы» №127 қаулысына, басқа да ММ балаларды қабылдауды реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.
2.Балаларды мектепке қабылдау туу туралы куәлігі, баланың медициналық картасы, ата-анасына құжаттарды қабылданғандығы жөнінде растау беріліп, бекітілген үлгідегі журналға тіркеліп, ата-анасының өтініші (заңды өкіл) болған жағдайда ғана жүргізіледі.
3.Бірінщі сыныпқа қабылданатын балалардың ата-аналарының (заңды өкіл) өтініштері негізінде қабылданады.
4.Оқушылар 10- сыныпқа келесі құжаттар негізінде қабылданады:
Ата- анасының өтініші;
Негізгі мектепті аяқтағандары жөніндегі куәліктері.

Оқушыларды 10-сыныпқа қабылдау кезінде педагогикалық кеңестің ұсынымы есепке алынады.
Білім алушыларды мектепке қабылдау кезінде мектеп әкімшілігі ата-аналарды (заңды өкіл) келесі құжаттармен таныстыруы тиіс:
Мектеп жарғысымен;
нақты Ережелермен.
Білім алушы өтініш бергеннен кейін 2 күн көлемінде директордың бұйрығымен мектепке қабылданады.
Оқушыларды 1-ші және 10-ші сыныптарға қабылдау туралы бұйрық ағымдағы жылдың 25-тамызынан кешіктірілмей шығарылыды.
Баланы мектепке қабылдау туралы бұйрық шыққанан кейін, оқушы алфавиттік кітапқа тіркеледі.
Бекітілген жеке іс-қағаз талаптарына сәйкес әр оқушыға оқушының жеке іс- қағазы рәсімделеді. Жеке іс қағаздың нөмірі алфавиттік кітапқа тіркелген оқушылардың нөміріне сәйкес беріледі.
Оқушыны босатқан кезде алфавиттік кітапқа кеткен орны мен себебі көрсетіліп (мектеп бойынша бұйрық), тиісті жазба еңгізіледі.
Оқушылардың жеке іс-қағаздары мектепте сақталады. Оқушылар басқа білім беру мекемесіне ауысқан кезде жеке іс-қағазы ата- анасының жазбаша өтініші бойынша беріледі.
Оқушыларды мектептен босату/шығару.
Оқушыларды мектептен шығару тек ҚР «Білім туралы» Заныны негізінде жүргізіледі.
Оқушы басқа білім беру мекемесіне ауысуына байланысты жағдайда, жалпыға міндетті білім туралы заңнамасын сақтау үшін қадағалау жүргізу мақсатында ата-анасы мектепке қабылданатының растайтын анықтама әкелуге тиіс.